

2011 жылғы 6 қазандағы N 647 "Интернат үйымдарының кәмелетке толмаған түлектері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 қарашадағы N 717 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 30 қарашада N 5-17-156 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 қарашадағы N 437 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012.11.01 қарашадағы N 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 20-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын ресімдеудің және келісудің кейбір мәселелері туралы» қаулысының 24-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылғы 6 қазандағы № 647 «Интернат үйымдарының кәмелетке толмаған түлектері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылғы 21 қазанда 5-17-152 нөмірімен тіркелген, «Ұлан таңы» газетінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 82 санында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6)-тармақшаларына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және жұмыс іздеуде қыындықтары бар интернат үйымдарының кәмелетке толмаған түлектерін

әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Ұлан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:».

2. Осы қаулының орындалуына бақылау Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Д. Мусине жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Муратов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК